

Жұбаева О.

СОЙЛЕМДЕГІ СУБЪЕКТИМЕН БАСТАУЫШТЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ

Жұбаева О.

СООТНОШЕНИЕ СУБЪЕКТА И ПРЕДИКАТА В ПРЕДЛОЖЕНИИ

В статье простое предложение рассматривается по определенному формальному образцу, предикативной основой или структурной схемой, уточняются и дифференцируются значения предикативный признак, субъект - носитель предикативного признака,

Сөйлем түзу үшін ең кем дегенде екі сөз болуы керек, оның бұру атауыштық мәнде, екүншүсү сипаттау қызметінде жұмсалуы тиүс. Атауыштық қызметте жұмсалған сөз бастауыш болады. Сөйлемнің екінші мүшесі сол заттың жекелеген ерекшеліктерін көрсетіп, мазмұнын ашады. Субъект пен предикат сөйлемде әртүрлі қызмет атқарады: субъект пен басқа да нақты мағына термдері сөйлеуде ақиқат болмыстағы заттарды білдіреді, олар адресат үшін хабарламаны идентификациялайды. Хабарлама мақсаты үшін жұмсалатын предикат сигнификативті мәнде жұмсалады. Субъект элемге қатысты болса, предикат - элем туралы ойға қатысты болады. Сөйлем арқылы ойлау категориясы мен объективті шындық категориялары астасып, элем мен адам арасында байланыс орнайды. Сөйлем денотаты ретінде индивид назарына түсетін жағдаяттар қызмет етеді. Бір заттық жағдаят бірнеше сөйлемнің денотаты болуы мүмкін. Ол -зерттеуші Ол зерттейді Ол зерттеулермен айналысады. Ол зерттеулер жазады. Бұл сөйлемдерде бір ғана іс түрлі қырынан сипатталып тұр: адамның мамандығын көрсетеді, оның немен айналысатынын білдіреді. Бір заттық жағдаяттың түрліше түйсінлуі түрлі пропозиционалды қызметтерге байланысты болады, олар жағдаятты құрылымдайды.

Сөйлемдегі субъектілі есімдер тобы бірнеше қызметті синкретикалы түрде атқаруы мүмкін: 1) грамматикалық - сөйлемнің конструктивті мүшесі болып табылады, ол сөйлемнің тұрлаулы мүшесі ретінде қолданылады не міндетті валенттіктердің бірін толықтырады; 2) семантикалық - қандай да бір семантикалық жүк арқалайды; 3) логикалық - ойдың түпқазығы ретінде типтік модельдердегі тіл-сөйлеу-де предикативті белгіні білдіреді; 4) коммуникативті - сөйлеу түпқазығы ретінде сөйлемдегі ойдың негізі болып табылады, «белгілі» ақпаратты білдіреді.

Тіл білімінде көп талас тудыры жүрген «субъект» ұғымының мәнін нақтылау мәселесінде сөйлем құрылымында оны семантикалық-синтаксистік субъект ретінде қарастыру қажеттігі туындап отыр. Сөйлем субъекті - субъектілі-предикатты құрылымның дербес синтаксистік субстанционалды мүшесі болып, предикативті белгіні білдіреді. Субъект мәнінде кез келген сөз жұмсала бермейді, ол предикативті белгінің мәні мен берілу жолдарына байланысты болады.

Сөйлем субъектінің жалпы мағынасы сөйленім түрі мен мәніне қарай нақтыланады. Объектілік және субъектілік мәндегі синтаксемалар септік тұлғалары

арқылы емес, семантикалық және синтаксистік ерекшеліктеріне байланысты анықталады.

С.Д.Кацнельсон сөйлем субъектін ойлау (семантика-семантикалық) және коммуникативті элементтерден құралған мазмұндық фамматикалық категория ретінде сипаттайды [1]. Тема қызметі қандай да бір аргументке косыла отырып, оны субъектіге айналдырады. Н.Д.Арутюнованың тұжырымдауы бойынша, бастауыш пен баяндауыш функционалды тұрғыда жұптасады [2]. Олардың позициялары бірде коммуникативті міндетке байланысты, енді бірде денотаттың құрылымына байланысты толықтырылып отырады. Бастауыш сөйлем құрамындағы конструктивті таңба бірліктерінің бірі болып табылады. Ол өзінің қызметіне қарай бір семантикалық актантты (агентив, экспериенсер, элементив, объектив, құрал т.с.с.) білдіреді. Сонымен қатар ол көбінесе логикалық субъектіні білдіреді. Субъект предикативті белгіні білдіреді. Бірнеше семантикалық актанттардың бірі (пропозицияда олардың саны көп болған жағдайда) логикалық субъект қызметінде қолданылғанда, пайымдау (және оны білдіретін сөйлем) предикатқа, толықтауышқа (немесе бірнеше толықтауышқа) бағытталады. Таныстан таныс емес нәрсеге қарай, темадан. ремаға қарай бағытталған қозғалыс компоненттердің орын тзртібіне де эсер ететінін көреміз: субъект - предикат. Тема мен субъектінің, рема мен предикаттың сәйкес келуі туралы В.Матезиус былай дейді: «Грамматический субъект, по-видимому, развился из закрепившегося способа выражения темы, а фамматический предикат развился из закрепившегося способа выражения ремы. Ведь действительно в высказывании осуществляется акт предикации, для выражения которой в индоевропейских языках развилась особая финитная форма глагола; также и для выражения темы развился именительный падеж существи-тельных и местоимений [3]. Сөйлем субъектінің жалпы мәні айтылым түрлері мен мағыналарына қарай нақтыланып отырады.

Субъектінің жекелеген мәндерін былайша сипаттауға болады:

Қимыл-эрекет субъекті. Мұнда акционалды етістікпен қиыса байланысқан атау тұлғалы зат есім қолданылады. Бала сабақ оқыды. Ацын ұзақ айтысты.

Қалып-күй субъекті. Мұнда зат есім атау септік тұлғасында ғана емес, ілік, барыс, табыс, шығыс, көмектес септік тұлғаларында келе береді.

Субъектінің физикалық қалпы мен көңіл күйі беріле алады. Мысалы, оның басы ауырды. Ол шошып кетті т.б.

Квалитативті субъект. Мұнда субъект белгілі бір белгісімен ерекшеленеді. Анасы өтемейірімдіт.б.

Квантитативті субъект. Квантитативті предикаттармен тіркеседі. Адам өте көп.

Иелік субъекті. Ілік септік тұлғасында келіп, меншік иесін білдіреді:

Сол кезде бойын балкып, жанын иер еді.

Экзистенциалды субъект. Мұнда зат есім бар, жоқ сияқты модаль сөздермен тіркесуі мүмкін: Ия. Осында бір жаман ой бар екен...

Жағдаяттық субъект. Қағаз өте тапшы т.б. Компаративті субъект. Мұнда үш компонентті субъектілер қатысады да зат есімдер атау, шығыс септік тұлғаларында қолданылады. Оның бойы царындасынан қысқараң.

Квалификативті субъект. Мұнда зат есімнің қай топқа жататыны, белгісі көрсетіледі. Қасқыр -жыртқыш аң.

Функтивті субъект. Предикаттармен тіркескен зат есім оның қызметін, жұмысын білдіреді. Шам жанып тұр.

Перцептивті субъект Мұнда субъектінің қабылдау мүшелері арқылы алынған ақпарат беріледі: Ол баланы көрді. Оған алыстан дүбір естілді.

Эмотивті субъект. Мұнда субъект бағалауыш, эмоционалды мәнге ие болады: Балалар экесін мацтан етеді

Локативті субъект. Локативті формалардың бірінде қолданылған кеңістік мәніндегі сөздер субъектілермен тіркеседі: Бөлмеде адам көп.

Туыстық қатынастағы субъектілер, олардың әлеуметтік күйі: Ол-менің інім. Ол - оның бастығы.

Сөйлемдегі бірнеше субъектілердің өзара қатысын айқындаудың да мәні зор. Субъектілік және предикаттық мүшелердің нақты бір тұлғада және нақты категориялы мәнде жұмсалуды грамматикалық-семантикалық құрылым түзіп, сөйлем түрін анықтайды. Субъект-агенса және белгі субъектінің өзіндік ерекшеліктерін анықтауда нақты жақтық, белгісіз жақтық және жалпылама жақтық сөйлемдердің субъектіні білдіру ерекшеліктері негізге алынады. Бір сөзтұлға сөйлемде бірнеше позицияда қолданылуы мүмкін: Құлағым сыбыр келді. Сыбыр құлағым келді. Сөзтұлға позициясының өзгеруі семантикалықтабиғатты өзгерте алмайды. Құлағым сөзі екі сөйлемде де қабылдаушы субъект ретінде, сыбыр - қабылдайтын делиберат ретінде қолданылады. Бірінші позициядағы сөзтұлға логикалық субъект (ойдың ' субъекті) ретінде жұмсалған. Базалық синтаксистік құрылымда ой субъекті семантикалық субъектімен сәйкес келіп, атау тұлғалы есім сөз түрінде көрініс табады, яғни грамматикалық бастауышпен сәйкес келеді. Тілдегі ассиметриялық принципіне сәйкес бұл компоненттер түрліше сәйкес келуі мүмкін.

Функционалды-коммуникативті синтаксисте нақты бір конситуацияда пайда болған сөйлемдер құрылымдық қана емес, коммуникативті бірлік ретінде қарастырылады. Сөйлем негізін мазмұндық инварианты құрайды. Ол санамызда бейнеленген жағдаяттар мен оның қатысушыларынан құралады.

Сол себепті сөйлем бейнелердің тұйық конфигурациясы түрінде сипат алып, өзара мағыналық байланыста болады. Ол құраушы сөзтұлғаларының сипаты мен автордың коммуникативтік талаптарына сәйкес түрліше құрылуы мүмкін. Сөйлем бірнеше категориялармен

айқындалады. Атап айтқанда: предикативтілік, предикация, сөйлем мүшелері. Предикативтілік сөйлемнің пропозиционалды мазмұнын модальдылық, жақ, шақ межелері бойынша бейнелейді. Предикативтілік морфологиялық, лексикалық жолдармен, контекст, интонация арқылы берілуі мүмкін. Предикативтілік мәтіннің жалпы ерекшеліктерін қамтыған коммуникативтілік сияқты тілдік-жүйелік сапаларының бірі болып табылады. Сөйлем мәтіннің бөлігі болса, коммуникативтілік мәтіннің негізгі белгісі, предикативтілік сөйлемнің негізгі белгісі болып табылады. Коммуникативті мағына сөйлемнің дербестігі арқылы жүзеге асады. Бұл дербестік арнайы белгілердің жүйесі негізінде көрінеді. Олар тілдік нормаларды тұтылатын қоғамның барлық мүшелеріне ортақ болып келеді. Олар барлық тілде өзара ұқсас, белгілі бір жүйеге түскен күйде болады. Сөйлем коммуникативті әрі дербес бірлік болып табылады. Коммуникативті дербестік осы қалпында қолданылуға және ешқандай қосымша түсініктемелерсіз түсінілуге мүмкіндік береді. Ал сөйлемнің сөйлеу ағымындағы дербестігі сөйлемнің формалды-фамматикалық құрылымы негізінде іске асады. Соған байланысты «сөйлемде міндетті түрде бастауыш пен баяндауыш, әсіресе баяндауыш болуы шарт» деген тұжырымдар қалыптасқан. Бұл жерде предикативтілік шақ, рай, модальдылықпен байланыстырылады. Сонда сөйлемнің дербес болуы үшін етістік баяндауыштардың жоғарыда көрсетілген белгілері болуы -керек болады. Алайда бұл белгілер морфологиялық немесе басқа да тәсілдермен берілмеуі, баяндауыштың етістік негізді болмауы, сөйлем мүшелерін бастауыш пен баяндауышқа жіктеу қиындық тудыруы да мүмкін. Себебі кез келген сөз, тіпті одағайлар мен еліктеу сөздер де сөйлем бола алады. Сол себепті сөйлем мүшелерінің болуы сияқты белгілерден басқа да ерекшеліктер табу керек болады. Мұндай ерекшелік ретінде интонацияны алуға болады. Ауызша сөйлеу тілінде ол бір сөйлемді басқа сөйлемдерден ерекшелеп тұратын маңызды, негізгі белгілердің бірі болып табылады әрі ол олардың коммуникативті дербестігін де білдіріп, жазуда тыныс белгілермен таңбаланады. Фразалық бірліктермен салыстырғанда, сөйлемдегі интонацияның негізгі қызметі коммуникативтік дербестікті білдіру болып табылады.

Қазақ тілінде субъект позициясының мынадай семантикалық варианттары болуы мүмкін: предикативті белгі субъекті:

а) акционалды: Акбілектің жүрегі алып-ашып жүрегі барады, Үйге кірді. Шам жақты (Ж.Аймауытұлы, I том 256б). Төсегінін алдында

бұйығылау, келте мұрын, кара торы келіншек іс тігіп отыр екен (Ж.Аймауытұлы, I том 319 б).

э) статуалды: Алдында ногайшалау киінген бір ммғалім тмр еді; Ммқаш биікте тұрған кісіше, жан құрлы қшрмей, қцзін кепиеттене бір салып қойды (Ж.Аймауытұлы, I том 239б).

б) квалитативті: Өйткені шылымның түтінімен басы зеніп қалған екен (Ж.Аймауытұлы, I том 221б). Карағым, Акбілекпісің? - дегенде дауысы қалтырап, көзіне жас кеп қалды. Сйтсе де күйеуінен именіп, жасын ерең тоқтатты (Ж.Аймауытұлы, I том 321-6). Келіп-кетіп жүретін бір казак қатыны бар еді. пзі суманәдаған, сөзі көп қатын еді. Бір күні сол келді. Күйеуүңзді қызметтен түсірді (Ж.Аймауытұлы, I том 288б).

г) квалификативті: Сбен өзүнен жоғарыға шекірт, өз теңдесіне кекірт, өзінен төменге ±стаз бола біледі (Ж.Аймауытұлы, I том 271б).

ғ) реляциялық: Алғашқы кезде аксақал Акбілекті өлгенге санап жүрді. Бірақ "Өлді" десе де өлімге іші кимады. Кеше гана күлкісі булбулдай сайрап сүйріктей боп өсіп келе жатқан көзінің қорты, алданышы, қуанышы емес пе? (Ж.Аймауытұлы, I том 246б)

д) оцигалық, Карашаттағы к±йын соккандай астан-кестен күндер заматта көз алдынан шапқан аттай булдырап өтті (Ж.Аймауытұлы, I том 243б).

е) процессуалды: Үркінді суда тон азыған шыбындар жүзеді (Ж.Аймауытұлы, I том 249б).

Ван Валин «бастауыш», «тура толықтауыш», «жанама толықтауыш» сияқты дәстүрлі синтаксистік қатынастардан бас тартып, әмбебап бағыттағы зерттеулер жүргізу керектігін айтады [4]. Референциалды-қызметті фамматикада осы мақсатта «синтаксистік конструкция осі» деген ұғым қолданылады, ол осы конструкцияда белгілі бір синтаксистік қызметі бар семантикалық қызметтердің шектеулі бейтараптануы болып табылады.

Көптеген конструкцияларда семантикалық рольдермен сәйкес келмейтін осьтер көрінеді. Мысалы, бастауыш үнемі акторды білдіре бермейді. Бастауыш ұғымымен салыстырғанда, ось ұғымы тұтас тілді емес, нақты конструкцияны сипаттайды. Түрлі типті конструкцияларда олар түрліше болуы мүмкін. Синтаксистік осьті таңдау дискурсивті-прагматикалық факторларға байланысты болады. Синтаксистік осьтерді ажырату үшін жүйелі-дискурсивті бағыт қолданылады. Семантикалық осьтерді сөйлем аясында, прагматикалық осьтерді – сөйленім, дискурста анықтау қажет. Синтаксистік конструкцияның осі бастауыш ұғымымен сәйкес келеді. Бірақ бастауыш ұғымынан өзгешелігі - ол тұтастай тілді емес, нақты конструкцияны сипаттайды. Түрлі типтегі конструк-цияларда осьтер түрліше анықталуы мүмкін. Э.Л.Киненнің тұжырымдауы бойынша, тілдік жүйенің басқа да құбылыстары сияқты, бастауышты сипаттағанда да бірнеше факторды ескеру қажет [5]. Ғалым бастауыштың 30 түрлі ерекшелігін көрсетіп берген. Олар негізінен синтаксистік, семантикалық және прагматикалық сипатта болып келеді. Олардың ішінде әсіресе топикалық, акторлық, субъектілікке ерекше мән берілген.

Қазақ тілінде бастауыш ретінде атау тұлғалы есім сөз қолданылады. Атау сегітіктігінің өзіндік ерекшелігіне байланысты, синтаксистік қызметі де ерекше: Көш

жөнеліп кеткен сон, артта қалған өңшеһ қыз-келіншек жамылшылы көк жорға мінген Акбілекті орталарына алып, қішке жеткенше жарыс салады (Ж.Аймауытұлы, I том 256б). Алтынайда ак бетес кәйлек, жасыл жеңсіз де пайда бола бастады (Ж.Аймауытұлы, I том 164б). Келтірілген сөйлем-дерде жазушы Акбілекті қоршаған қыз-келіншекке назар аударту, Алтынайдың жаңа киімдеріне көңіл бөлу мақсатымен аталған тіркестерді (әғышеі қыз-келіншек, ак бетес крілек, жасыл жеңсіз) атау септік тұлғасында қолданып, бастауыш қызметінде жұмсаған. Сөйленімде бірнеше есім қатысқан жағдайда атау тұлғалы есім сөзге ерекше мән беріледі. Атау тұлғада қолданылған есім сөз сөйленімде негізгі қызмет атқарады: сөйлеуші назары осында болады, сөйленім бастауыш қызметіндегі есім сөз арқылы берілген реалийге бағытталады: Акбілек -Балташтың жары. Балташ - Акбілектің жары. Екі сөйленімдегі ақпарат өзара сәйкес келеді. Алайда бірінші сөйленімде Акбілек сөзіне, екінші сөйлемде Балташ сөзіне ерекше мән берілген.

Предикативті белгі субъектісін білдірумен қатар атау тұлғадағы есім сөз мынадай мәнде жұмсалуды мүмкін:

каузатор-цурал: Скесінін дем алғаны, жөтелгені, қатынның шылапшын салдыратқаны, судын сарылдағаны, бері сайрап т±р (Ж.Аймауытұлы, I том 274б). Бір кәзі соқыр, жалғыз ейнекті, тапалтақ кішкене үйінің дымыққан, күлімсілөу, терсымақ иісі мұрнына жып-жылы тиді (Ж.Аймауытұлы, I том 163б).

объект: Қасқыр өлтірілді (Ж.Аймауытұлы, I том 165б).

Бағалауыш мәнді каузатор-объект: Каркыл-дасқан, кайғысыз, камсыз қцп орыс ортасындағы кара мүрттың лебі де Акбілекке жұмбақ болып көрінді (Ж.Аймауытұлы, I том 157).

кабылдаушы *делиберат*: Жан шошырлық бажылға дір етпеген жүрек қалмады (Ж.Аймауытұлы, I том 166б).

жалтыланған каузаторы: Бұл жаңалық бәрін қуантты (Ж.Аймауытұлы, I том 165б)

Семантикалық-синтаксистік субъект – предикативті белгіні білдіретін субъектілі- предикатты құрылымның синтаксистік тұрғыдан дербес субстанционалды компонент ретінде атау тұлғада келмеген есім сөзбен берілуі де мүмкін. Кез келген сөзтұлға семантикалық-синтаксистік субъектінің көрсеткіші бола бермейді. Тілде осы мәнді білдіру үшін қолданылатын арнайы формалары бар. Субъектінің қандай да бір тұлғаны форманы таңдауы субъектілік-объектілік қатынастарға байланысты болады. Субъект формасы мағынамен және предикативті белгіні білдіретін тұлғамен тікелей байланысты болады. Қазақ тілінде бастауыш пен субъект үнемі сәйкес келе бермейді. Яғни субъект атау септік тұлғасында ғана емес, басқа жанама септіктерде де көріне алатындықтан, ол сәйлемде үнемі бастауыш бола бермейді. Сол себепті М.Шайхайдарованың «Грамматическая

категория лица татарского глагола и персональность» [6] атты еңбегінде жақсыз конструкция ретінде танылған бірқатар құрылымдар бастауыш қолданылмағанмен, жақ қатыспаған құрылымдар ретінде тану бірқатар талас тудырады. Себебі онда сөйлемде бастауы қатыспағанмен, ол не үшінші жақ тұлғасында, жасарын келген не субъект басқа септік тұлғаларында берілген. Осы тұрғыдан алғанда, ғалым Ж.Сәдуақасұлы еңбектерінде [7] сөз болғандай, жақсыз сөйлем деген атауды қайта қарау қажет.

Сонымен, субъект пен предикатты білдіретін тілдік бірліктер субъектілі және предикатты функционалды-семантикалық өріс ретінде аныкталады. Предикативті өрісте етістік бірліктері арқылы берілетін етістік предикациясының орны ерекше. Предикация функционалды-семантикалық өрісі немесе предикативті өріс тілдің өріс құрылымында маңызды орын алады. Аталған өріс мазмұн межесінде де, тұрпат межесінде де көрініс табатындықтан, оны семантикалық-синтаксистік құбылыс ретінде қарастыру қажет.

Әдебиет:

1. Кацнельсон С.Д. О категории субъекта предложения //Универсальные и типологические исследования, - М., Наука, 1974. -104-124-с.
2. Арутюнова Н.Д. Фактор адресата //Известия АН СССР. Серия литературы и языка. 1981. Т.40. №4. С.356-367.
3. Матезиус В. О так называемом актуальном членении предлоения //Пражский лингвистический кружок. -М., Наука, 1967. С.239-245.
4. Валии В. Взаимодействие синтаксиса, семантики и прагматики в грамматических системах: Развитие инструментария в XX веке //Вестник Московского государственного университета. - Серия 9 Язык. 1996. №5.-С.111-133.
5. Кинэн Э.Л. К универсальному определению подлежащего //Новое в зарубежной лингвистике. М., Прогресс, 1982. Вып, 11. Современные синтаксические теории в американской лингвистике. - С.238-277.
6. Шайхайдарова М. Грамматическая категория лица татарского глагола и персональность. Дисс. канд. филол. наук. Алматы, 1988.
7. Сәдуақасов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің жақ категориясы.-Алматы, 1994.

Рецензент: к.филол.н., доцент Кундузакова С.